

Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексінің негізінде  
банк жүйесінің қаржылық тұрақтылығын  
бағалау

2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша

## ҚТБИ көрсеткіштерінің 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 қазан аралығындағы динамикасы

№	Көэффициенттің атауы	1.01.2010	1.04.2010	1.07.2010	1.10.2010
<b>I. Капитал коэффициенттері</b>					
1.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1-1	-11,54	-8,06	-9,16	11,20
2.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k1-2	-11,62	-8,82	-9,68	13,06
3.	Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті k2	-8,17	-3,75	-2,84	17,56
<b>II. Несие портфелі сапасының коэффициенттері</b>					
1.	Үмітсіз заемдардың несие портфеліне қатынасы	30,58	29,93	27,72	23,33
2.	Несие портфеліне қатысты заемдар бойынша қалыптастырылған провизиялар	37,67	36,96	35,34	32,75
3.	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдардың несие портфеліне қатынасы	21,17	25,05	25,25	25,83
4.	Жұмыс істемейтін заемдардың (5-санаттағы күмәнділер мен үмітсіздер) несие портфеліне қатынасы	36,47	35,94	34,45	33,73
<b>III. Кредиттік тәуекел коэффициенттері</b>					
1.	ҚР резиденттері емесіне берілген заемдардың несие портфеліне қатынасы	18,71	17,82	16,49	16,87
2.	Жылжымайтын мүлік кепілдігіне берілген заемдардың несие портфеліне қатынасы	39,28	40,41	39,56	36,85
3.	Құрылыс секторына берілген заемдардың экономикаға берілген жиынтық заемдарға қатынасы	26,75	26,22	26,21	25,93
<b>IV. Нарықтық тәуекел қатынасы</b>					
1.	Шетел валютасындағы заемдардың несие портфеліне қатынасы	57,23	56,35	54,42	53,08
2.	Пайыздық ставкалардың өзгеруімен байланысты міндеттемелердің меншікті капиталға қатынасы (пайыздық позиция)	-146,88	-226,33	-355,68	49,92
3.	Валюталық нетто-позицияның меншікті капиталға қатынасы	-190,15	-333,05	-329,66	2,96
<b>V. Қызмет тиімділігінің коэффициенттері</b>					
1.	ROA	-24,08	-18,49	-3,20	12,50
2.	ROE	-1196,49	-516,99	-36,80	-310,30
<b>VI. Өтімділік коэффициенттері</b>					
1.	Ағымдағы өтімділік коэффициенті k4	97,80	108,38	101,19	115,10
2.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-1 (7 күнге дейін)	505,10	818,02	733,14	660,91
3.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-2 (1 айға дейін)	264,60	376,63	380,16	365,24
4.	Мерзімді өтімділік коэффициенті k4-3 (3 айға дейін)	211,60	247,71	249,67	260,13
5.	Жиынтық заемдардың заңды және жеке тұлғалардың депозиттеріне (банкаралық операциялар мен SPV салымдарды қоспағанда) қатынасы	154,83	141,60	123,12	134,49
6.	Резидент еместер алдындағы міндеттемелердің (арнаулы мақсаттағы ұйымдардың салымдарын ескермегенде) жиынтық міндеттемелерге қатынасы	19,26	22,95	20,47	23,35
7.	Өтімді активтердің жиынтық активтерге қатынасы	19,22	22,29	23,30	22,50

## ҚТБИ құрылымындағы субиндекстердің 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2010 жылғы 1 қазан аралығындағы динамикасы

№ р/с	Қаржылық тұрақтылық индексі	1.01.2010	1.04.2010	1.07.2010	1.10.2010
1.	Капиталдандыру индексі	4,00	4,00	4,00	1,00
2.	Несие портфелі сапасының индексі	4,00	4,00	4,00	4,00
3.	Кредиттік тәуекел индексі	3,80	3,80	3,80	3,80
4.	Нарықтық тәуекел индексі	2,80	2,80	2,80	2,20
5.	Қызмет тиімділігінің индексі	4,00	4,00	4,00	2,50
6.	Өтімділік индексі	2,00	1,67	1,67	1,67
<b>Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексі</b>		<b>3,43</b>	<b>3,38</b>	<b>3,38</b>	<b>2,53</b>

### Қаржылық тұрақтылықтың біріктірілген индексінің мәні:

1 –ден 1,5 дейін – тұрақты;

1,5-тен 2-ге дейін – қалыпты (орташа тәуекел деңгейімен);


2-ден 2,5-ке дейін – қанағаттанарлық (тәуекелдердің көбеюі үрдісімен);

2,5-тен 3 –ке дейін - қанағаттанарлық (тәуекелдердің өте жоғары деңгейімен);

3-тен 3,5-ке дейін – тұрақсыз;


3,5-тен жоғары – шекті.

# ҚР банк жүйесінің тәуекелдер картасы



## 1.10.2010 ж. ҚТБИ шолу

### Қаржылық тұрақтылық индекстерінің динамикасы



Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы Қазақстанның банк секторы қиындықтардан бастан кешті. Сырттан қаржыландыру қол жетімділігін шектеуі, Қазақстан нарығынан жеке капиталдың жылыстауы, сыртқы экономикалық конъюнктурасының нашарлануы, қаржылық жүйесіне сенім білдіруі ішкі қаржылық нарығының барлық сегменттерінде тұрақсыздыққа әкеп соқты. Өз кезегінде атап көрсетілген барлық оқиғалардың бір сәтте жүзеге асуы банк секторына (кредиттік, нарықтық және өтімділік тәуекелі) тән тәуекелдерді іске асыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, ҚР Үкіметінің шұғыл іс-әрекеттері және қадағалау органы қабылдаған шаралары сыртқы шоктардың салдарын жеңілдетуге мүмкіндік беріп және өзгерген жағдайда банктерге бейімделуге уақыт берді. Қаржы секторына қатысты осы шараларды қолданудың әсерінен сыртқы міндеттемелердің маңызды қысқаруына, ішкі қаражат көздеріне қайта бағдарлауға, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге себеп болды.

Тұрақтандыру белгілері және тұрақтылық факторларын жақсарту 2010 жылдың бірінші жартысында көріне басталды, банк жүйесінің көрсеткіштерінің өсуімен сипатталды.

Осы кезеңде банк жүйесіне сенімін сақтап қалғанымызды атап өту қажет. Депозиттік базасының өсуі және клиенттердің салымдарын тарту арқылы ЕДБ ресурстық базасын толтыруға қайта бағдарлау он сәттерінің бірі болып табылады.

Алайда, тәуекелдер көздерінің қатары, банк активтері мен міндеттемелердің теңгерімсіздік құрылымы, «нашар борыштар» және т.б. маңызды үлесі және оған байланысты тәуекелдерді қысқа мерзімде өтелуі мүмкін емес, өз маңыздылығын сақтайды және банк жүйесінде «нашар борыштар» даму проблемасы әлі күнге дейін көкейкесті болып табылады.

Экономикадағы жағдайдың нашарлану салдарынан өндірістің жабылуына не төмендеуіне, жұмыссыздықтың өсуіне, құнсыздануына, пайыздық ставкаларының өсуіне және т.б. себеп болды тікелей несие портфелінде көрінді. Кәсіпорындарының және халықтың қаржылық жай-күйінің нашарлауы олардың кредиторлардың алдында, оның ішінде банктердің алдында өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігін шеттетті.

Кредиттік тәуекелдің өсуі барлық банк жүйесіне әсер етті. Бұл ретте, банктердің көп бөлігі кредиттік тәуекелді реттеу мақсатында жаңа кредиттер беру бойынша жағдайларды маңызды нығайту жағына қарай кредиттік саясатын қайта қарады және әрбір кредиттік өтінімді мұқият қайта қарады. Кредит берудің баға емес жағдайларды (мерзімдерін қысқарту, кредиттер бойынша қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды өзгертуге) күшейтуден басқа кредиттер бойынша пайыздық ставкаларын өсуі байқалды, бұл халық жағынан және корпоративтік клиенттердің банктік заемдарға қол жетімділігін қосымша ретінде шектетті. ЕДБ тарапынан осы іс-әрекеттер кредиттеудің уақытша тоқтап тұруына әкеп соқты, бірақ кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға және кредиттік тәуекелді төмендетуге бағытталды.

Жоғарыда көрсетілген факторлар өз кезегінде банк секторының қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінде әсер етеді және көрінеді. Капиталдандыру бөлігінде банк секторында байқалатын өзгерістер банк жүйесінің жалпы жай-күйін маңызды жақсартты және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қаржылық тұрақтылығының 6 индикаторы да бұрынғыдай 2 жағдайы «шекті» деп бағаланады (несие портфелінің сапа индексі және кредиттік тәуекел индексі). Бұл ретте, қалған тұрақтылық факторларының жай-күйі қалпына келді. Ағымдағы жылдың басымен салыстырғанда қаржы тұрақтылығының жалпы біріктірілген индексі елеулі жақсартылды және «тұрақсыз» деген жай-күйінен «қанағаттанарлық» деген жай-күйіне өзгерді.

Сонымен бірге, қаржы көрсеткіштерінің және индекстерінің жақсаруы көп жағдайда 3 ірі банктердің («Альянс Банк» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Темірбанк» АҚ) міндеттемелерінің қайта құрылымдау аяқталуымен негізделген.